

aceline


Пайдалану бойынша
нұсқаулық

Штангенциркуль
DC0220

Сақтық шаралары

- Электр кернеуіндегі сымдармен жұмыс істеу кезінде штангенциркульді пайдаланбаңыз.
- Өлшеу кезінде штангенциркульге шамадан тыс күш түсірмеңіз.
- Штанганың және басқа да беттердің иілуін, сондай-ақ өлшеу беттеріндегі сызаттарды болдырмау үшін соққылар мен құлауларға жол бермеңіз.
- Штангенциркульдің өлшеу беттерінің бақыланатын бөлшекке үйкелісін болдырмаңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жасайтын жағдайларды қоспағанда, оларды пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.

Құрылғы схемасы



1. Кедергілерді өлшеуге арналған жазықтықтар.
2. Ішкі өлшеулерге арналған ысқыштар.
3. Жылжымалы жақтау.
4. Өлшем бірліктерін өзгерту батырмасы.
5. Дисплей.
6. Сыртқы өлшеулерге арналған ысқыштар.
7. «Қосу/Өшіру» батырмасы.
8. 0-ге қайтару батырмасы.
9. Батареяларға арналған бөлік.
10. Өлшеу шкаласы.
11. Тереңдік өлшегіш.

Құрылғымен жұмыс

Батареяны орнатыңыз. Құрылғыны қосыңыз. Жақтауды жылжытып, «ZERO» батырмасын басу арқылы нөлдік мәнді орнатыңыз. Өлшеуді бастау үшін жақтауды жылжытыңыз.

Ішкі өлшеулерді орындау

Рамканы жылжытып, өлшенетін бөлшекке ішкі өлшеулерге арналған ысқыштарды орнатыңыз және оларды соңына дейін ашыңыз. Өлшеу кезінде қисықтыққа жол бермеңіз. Дисплейде нәтиже көрінеді.

Сыртқы өлшеулерді орындау

Өлшенетін бөлшекті сыртқы өлшеулер үшін ысқыштардың арасына орнатыңыз және оларды тіреуге дейін келтіріңіз. Дисплейде нәтиже көрінеді.

Тереңдікті өлшеу

Алдымен тереңдік өлшегішті сәл жоғары жылжытыңыз, содан кейін шкаланы сыртқы бетке тигенше ақырын түсіріңіз. Тереңдікті өлшеу кезінде тереңдік өлшегішті бөлшектің түбіне перпендикуляр орнату қажет. Дисплейде нәтиже көрінеді.

Салыстырмалы мәнді өлшеу

Салыстырмалы өлшемдерді өлшеу үшін эталондық өлшемді өлшеңіз, «ZERO» батырмасын басу арқылы нөлдік мәнді орнатыңыз. Тексерілетін өлшемді өлшеңіз.

Батареяларды ауыстыру

1. Батарея бөлігінің қақпағын алып тастаңыз
2. Полярлықты сақтай отырып, жаңа батареяны орнатыңыз.
3. Қақпақты орнына қойыңыз.

Құралды күту

1. Штангенциркульді шаң мен ылғалдан қорғаңыз.
2. Штангенциркульдің бетін жұмсақ шүберекпен ақырын тазала. Ешқашан бензин, ацетон және басқа еріткіштерді пайдаланбаңыз.
3. Әр қолданғаннан кейін құрылғыны өшіріңіз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: DC0220.
- Сауда белгісі: Aceline.
- Өлшем бірлігі: миллиметрлер/дюймдер.
- Өлшеу диапазоны: 0–150 мм.
- Бөлу мәні: 0,1 мм.
- Дәлдігі: 0,1 мм.
- Қуаттану: SR44/LR44 1,5 В.
- Пайдалану температурасы: 0 °C–40 °C.

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

- **Дисплейдегі сандар жыпылықтайды.** Батареяны ауыстырыңыз.
- **Жақтауды жылжытқан кезде мәндер дисплейде көрсетілмейді.** Құрылғыны қайта іске қосыңыз. Ол үшін батареяны кем дегенде 30 секундқа шығарып, содан кейін қайта орнатыңыз.

- **Өлшеу дәлдігінің төмендеуі (± 1 мм шегінде).** Өлшеу блогын шешіп, сенсорды сығылған ауамен тазалаңыз.
- **Дисплейде ақпарат көрсетілмейді.** Батареяны алып, қайта салыңыз немесе ауыстырыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтажды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамада, ауа температурасы 5°C -тан 40°C -қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда жүргізілуі тиіс.
Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы күтімді қажет етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. қорғау керек.

- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыстармен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін зиянның алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзясин ДжейДи Трейд Ко., Лтд. 2514-кабинет, «Цзинжунь» ғимараты, Сючжоу жаңа ауданы, Цзясин қ., Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы:
info@dns-shop.kz

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтығы алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



aceline